



## Рухани жаңғыру: Озығын алып, тозығын тастау

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білім беру жүйесінде дүние жүзінде баламасы жоқ бағдарлама іске асырылатын болады. Әлемдегі ең жақсы әр түрлі тілдердегі 100 оқулық қазақ тіліне аударылады. Бұл халқымыздың білімін әлемдік кеңістікке, ғаламдық деңгейге алып шығуға тың серпін беретіні сөзсіз.

Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр. Мәдениетіміздің озық үлгілері әлемдік деңгейде кеңінен танылып, дүние жүзіндегі бәсекеге қабілеттілігі халықаралық деңгейге сай болуы қажет. Мәдениетті жасайтын халық болғандықтан, осы идеяның аясында замандастарымыздың жетістіктерін көрсетуге бағытталған «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қолға алынатын болады. Бұл



тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерге қол жеткізуге мол үлес қосқан тұлғаларымызды елге танытуды көздейтін жоба болмақ.

Елбасы ұсынып отырған рухани жаңғырудың негізгі сипаты өткен мен болашақты үйлестіре жүзеге асыру болғандықтан, біз мұны екі арнада іске асыруымыз қажет. Оның бірі – ғаламдық жетістіктерді өзімізге әкелу арқылы жаһандық дамуда өз үлесімізді алу. Екіншісі – өткен

тарихымыз бен дәстүрлерімізден асыл құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу. Осы орайда, Елбасы ауқымы кеңейіп, «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр.

Елбасы ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасы оны дәйекті түрде жүзеге асыру тұрғысынан жан-жақты талқылау мен зерделеуді қажет ететін маңызды құжат болып табылады. Бұл жерде, немқұрайлылық пен дүмбілездік орын алмауы тиіс. Өйткені, бұл мәселе біздің ұлттымыздың болашағы мен рухани әлеуетіне тікелей қатысты. Түптеп келгенде – бұл күйзеліс пен дүрбелеңнің, сонымен қатар, прогресс пен дамудың алмағайып кезеңінде Қазақстанның экономикалық және технологиялық жаңғыруының идеологиялық негізі. Біз, қазақ ұлты рухани жаңғыру арқылы өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналмамыз. Бұл – біздің тарихи таңдауымыз.

**Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы:

## Елбасы ұсынған рухани жаңғыру – мемлекеттің тірегі, халықтың жігері

Біз тәуелсіздік алған санаулы уақыттың ішінде Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігінің арқасында аңызға айналатындай зор табыстарға қол жеткіздік.

Елбасының «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» мақаласы – осы жетістіктерімізді одан әрі еселей түсудің, алға қойған ұлы мақсаттарға жетудің берік тұғырын орнатудың жарқын көрсеткіші.

Ұлы мемлекет әрқашанда үндестік заңымен өмір сүреді. Осы жолда рухани серпіліс әрбір адамның, бүтін қоғамның тынысын өзгертетін ерекше құбылыс.

Сондықтан да, Елбасы халқымыздың тағылымы мол тарихы мен ұлттық салт-дәстүрлерін елде жүргізіліп жатқан саяси реформа мен экономикалық жаңғырудың өзегіне айналдыра отырып, Қазақстан қоғамы мен



әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты негізгі бағытын белгілеп берді.

Олардың барлығы теңдесі жоқ тарихи мазмұнға ие бола отырып, алдағы дамуымыздың басты қағидаларын анықтады.

Онда қазіргі таңда аса өзекті болып табылатын, әрқайсысы қиуар жұмыс көлемін қажет ететін қоғамдық-саяси және

мәдени-ағартушылық жобалар түрінде бірқатар нақты шаралар қамтылған.

Бұл халқымыздың алдында жаңа көзжиектер кеңістігін ашып, елімізді сапалық жағынан жаңа даму деңгейіне шығаратыны сөзсіз.

Біз технология мен инновацияға, жаңа экономика салаларын дамыту мен заманауи инфрақұрылым құруға баса мән бере отырып, кез келген халықтың дамуында баға жетпес рөл атқаратын рухани негіздерді де естен шығармауға тиіспіз.

Жоғары білімді әрі рухани жағынан бай адамдар ғана уақыттың жаңа сын-қатерлеріне жедел ден қойып, шұғыл шаралар қабылдауға, батыл қадамдар жасауға қабілетті болмақ.

Сондықтан, Елбасымыздың Рухани жаңғыру бағдарламасы қоғам дамуына тың серпін беріп, әрбір азаматты алға жетелейтін тарихи күшке айналары сөзсіз.